

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Журналистика кафедрасы

**ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№8 ХАТТАМАСЫ**

27 мамыр 2024 жыл

Түркістан қаласы

Қатысқандар: ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова Ә., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., аға оқытушы Сәдібеков А., «Түркістан» газетінің редакторы Дәулетов М., студент Тәжібай Н., студент Абдимутали Е.

Күн тәртібінде:

1. ББ-ның SWOT талдау нәтижелері бойынша бағалаудың әлсіз және күшті жақтарын сараптау
2. Үлгерім нәтижелерін талдау, ұсыныстар әзірлеу
3. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

1) Сердәлі Б., комитет төрағасы: Басқа АҚ-ға немесе ББ-ға қарағанда жоспарларға нақты заманауи критерийлер енгізілген. Шетел ББ-ларының жаңа концепциялары ұсынылған.

Күшті жақтарымыз: Өзге АҚ-лармен салыстырғанда ББ-ның бәсекелестерден ерекшеленетін бірегей, тапсырыстық ұмтылыстары бар.

АҚ хабарламаларына тәулік бойы назар аударылады, яғни күн сайын және кез келген уақытта АҚ мүшелері тапсырма ала алады.

Басқалардан ерекшелей алатын мегақұзыреттер бар.

Әлсіз жақтармыз: Егер бұрын бізде күшті, яғни жақсы қабілеттер болған болса, енді басқа жаққа көшудеміз. Басқаша айтқанда, бізге не жетіспейді немесе не жақсы жұмыс істемейді. Не нәрсе зиян тигізетінін бағалауымыз керек және оларды ішкі проблемаға айналдыруымыз керек. Сол бағытта жұмыс жүргіземіз.

Көбісі мүмкіндіктер шын мәнінде күшті және әлсіз жақтардың жиынтығы, жақсартуға көбірек мүмкіндіктер беретін «түзету» түрі деп санайды. Біз мұны жақсырақ түсінуіңіз үшін жасай алатын әрекеттерді білуіміз керек. Бұл негізінен біздің әлсіз жақтарымызды шешуге мүмкіндіктер береді.

Қауіп-қатерлер

Бізде, аты айтып тұрғандай, тап болуы мүмкін сыртқы мәселелерге қатысты қауіптер бар. Басқа сөздермен айтқанда, олар бәсекелестікте туындауы мүмкін проблемалар. Сонымен қатар әлеуетті пайдаланушылармен (мақсатты аудитория) арадағы ынтымақтастық, студенттер өтініш-тілектерін орындау.

Бір қауіп-қатер бәсекелестер әлдеқайда қалыптасқан және әлдеқайда жақсы баға бере алатын саясаты болуы мүмкін.

Интегративтік оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен студенттерге әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Сондықтан ББ-ға зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдесетін құзыреттер енгізу керек.

Тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау тәуекелдерді басқару процесінің негізгі кезеңі болып табылады, оған қабылданған шешімдердің тиімділігі және, сайып келгенде, ықтимал тәуекелдерден жеткілікті түрде қорғай ала ма, жоқ па, соны шешу. Осыған байланысты тәуекелдерді басқару саласының ерекшеліктерін бақылау және оларды тәуекелдер менеджерінің практикалық қызметінде есепке алу тәуекелдерді басқарудың бүкіл жүйесін түсінудің негізгі элементі болып табылады деген шешім қабылданды.

2) Профессор Б.Сердәлі: Студенттің үлгерім нәтижесі білім алушының академиялық еркіндігін және ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламасының барлық компоненттері мен элементтері берілген. Берілген пәндер, міндетті компоненттен бөлек, студенттің қалауы бойынша қалыптастырылған. Курсты оқуды аяқтағаннан кейін студенттің меңгерген кредиттерінің саны, білім алушының орташа үлгерімін анықтау үшін, GPA балл түрінде беріледі.

Егер келесі курсқа көшірілген білім алушы белгіленген мерзімде өзінің үлгерім нәтижесі қалыптастырмаған болса, онда оның білім алуының негізі ретінде осы курстың үлгерім нәтижесі қабылданады, яғни, белгіленген мерзім ішінде анықталмаған себептен өз еркімен тіркеуден өтпеген білім алушыларды тіркеу кеңсесінің қызметкерлері өздері тіркейді.

Оқу жылына жеке жоспарлау эдвайзердің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Магистранттардың білім алу жеке жоспарлары олардың ғылыми жетекшілерінің (кеңесшілерінің) қатысуымен жүзеге асырылады.

Оқу пәндеріне жазылуды (Enrollment) білім беру бағдарламаларының эдвайзерлерін қатыстыра отырып, қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, онлайн форматта Тіркеу кеңсесі жүгізеді.

ЖОО Академиялық саясатына сәйкес академиялық талаптарды орындай алмаған студенттер үшін, сонымен қатар қосымша білім алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін, академиялық қарыздарды немесе оқу жоспарындағы айырмашылықтарды жою үшін, студенттердің оқу пәндерін басқа ЖОО меңгеру және қосымша кредиттерді меңгеру үшін, оларды міндетті түрде өз ЖОО қайта есепке алу арқылы, орташа үлгерім баллдарын (GPA) жоғарылату үшін жазғы семестр ұйымдастырылады.

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау критерийлері әртүрлі формадағы бақылау мен аттестацияларды қарастырады – үлгерімді ағымдық бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестациялау, олардың кезеңдігі мен ұзақтығы оқу жоспарлары мен академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелерінің мойындалуын қамтамасыз ету үшін олардың білімін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

ББ пәндері, курстары бойынша студенттердің оқу жетістіктерін есепке және талдауды (ағымдағы және аралық бақылау) тіркеу кеңсесі жүргізеді. Барлық академиялық топтар бойынша абсолютті үлгерім және сапалық көрсеткіш анықталады, студенттер, академиялық топтар, курстар GRA көрсеткіші бойынша сапқа қойылады, бұл жұмыстарды да тіркеу кеңсесі атқарады.

Бақылауды жүзеге асыру және білім алушылардың білімдерін бағалау жүйесін құру ережелері «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестациялау Ережелерімен» регламенттеледі.

Аталған ішкі нормативтік құжаттарда білім алушылардың білімін бағалаудың өлшеуіштері, бағалау тәртібі және бағалау критерийлері келтірілген.

Силлабустарда оқытушы дайындаған оқылатын пәндерді бағалау критерийлері келтірілген.

Студенттердің білімін бағалау критерийлері мен бағалау әдістері туралы, пән бойынша рейтингтік бағаларды қою үшін ағымдағы үлерімін бағалау, аралық және қорытынды аттестациялау тәртібі туралы ақпараттар университеттің Академиялық саясатында, анықтамалық-нұсқаулықта, пәндер бойынша силлабустарда келтірілген. Хабардар ету университет сайты арқылы, ақпараттық тақталардағы хабарландырулар арқылы жүзеге асырылады.

Университеттің оқу порталында әр білім алушы сабақ және емтихандар кестесін, ағымдағы және аралық үлгерімін көре алады, курстан курсқа өту үшін белгіленген ауыстыру баллдарымен, сонымен қатар компьютерлік тестілеуден өту процедураларымен таныса алады.

Білім алушыларды аралық аттестациялаудың әділ және ашық өтуін қамтамасыз ету мақсатында университет ректорының бұйрығымен кафедралардың ПОҚ ішінен бақылау комиссиясы; университеттің декандарының төрғалығымен кафедра меңгерушілерінің ішінен апелляциялық комиссия тағайындалады.

Өкілдерді, бақылау комиссияларының мүшелерін және студенттік актив өкілдерін емтихандарға бөлу бекітілген график бойынша жүзеге асырылады және олардың назарына емтихан болатын күні жеткізіледі.

Аралық аттестация, үлгерім нәтижесі пайдалана отырып, онлайн өткізілген жағдайда кафедра ПОҚ ішінен ректордың бұйрығымен прокторлар тағайындалады, «Парасат» комплаенс-қызметі қызметкерлері мен студенттік

актив академиялық әділдік қағидаларының сақталуын жүйелі түрді бақылауды жүзеге асырады.

Қорытынды бақылаудың нәтижелерімен келіспеген білім алушы, формаға сәйкес емтихан өткен күннен кейінгі күннен кешіктірмей, апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляциялық арыз жазу құқығы бар.

Апелляция берген жағдайда студент өзінің жеке кабинетінде, мәселені баяндап, қате деп есептейтін сұрақтар мен жауаптардың сриншотымен бірге, онлайн-тапсырыс береді. Аралық аттестация нәтижелері бойынша апелляцияға арыз нәтижелер жарияланған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде беріледі. Барлық электронды тапсырыстар апелляциялық комиссия хатшысына тіркеу үшін келіп түседі және ары қарай өңдеу үшін сәйкес бөлімшелерге жіберіледі. Комиссия студентке тестті қосымша тапсыру немесе арызын қанағаттандырмау туралы шешім шығарады. Комиссияның жауабын да студент жеке кабинетінен алады. Апелляциялық комиссия емтихан сессиясы (аралық аттестация) кезеңіне ректордың бұйрығымен құрылады.

Университетте жылына екі рет, сессия-емтихан кезеңі аяқталған соң, «Оқытушы студенттің көзімен» сауалнамасы жүргізіледі. Рейтингі белгіленген шекті нормадан төмен болған оқытушылар (университет бұл нормаларды өз қалауынша белгілейді – ОҚУ шекті балл 3,5) үшін факультеттің Инспекциялық комиссия құрамынан, оқытушының сабақтарына қатысу және төмен рейтингінің себебін анықтау мақсатында, құрылады.

ЖОО мониторинг бөлімі «Студенттердің оқу процесін ұйымдастыру сапасына қанағаттануы» сауалнамасын өткізеді.

Сәдібеков А. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданды. Қанағаттанарлық деп табамын.

Шешім:


1. ББ-ның SWOT талдау нәтижелері бойынша бағалаудың әлсіз және күшті жақтары назарға алынып, жұмыс жүргізілсін
2. Үлгерім нәтижелерін талдау сарапталып, оны жақсартуға ұсыныстар әзірленсін
3. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:



Б. Сердәлі

Хатшысы



А.Сәдібеков